

Қазақстан Республикасының аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2022 - 2024 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 187-өкімі

Қазақстан Республикасының аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2022 - 2024 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2022 - 2024 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі - Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасының орындалуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары:

- 1) Жол картасын іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын;
- 2) жылына бір рет, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы есепті ұсынып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі есепті кезеңнен кейінгі жылдың 10 қаңтарынан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жол картасын іске асыру жөніндегі есепті ұсынып тұрсын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 24 қарашадағы
№ 187-өкімімен бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2022 - 2024 жылдарға арналған жол картасы

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
Күтілетін нәтижелер:				
1) өрттер санының 10 %-ға немесе 12700-ге дейін жалпы азаюы;				
2) тұрғын үй қорындағы өрттер санының 10 %-ға немесе 8100 өртке дейін азаюы;				
3) табиғи өрттер санының 15 %-ға немесе 700 өртке дейін азаюы;				
4) тұрмыстағы газ жарылыстары оқиғалары санының 20 %-ға азаюы;				

5) адамдар жаппай жиналатын, тұрғын және биік ғимараттарды өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзбай, жобалау және пайдалануға беру.

1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және нормативтік-техникалық құжаттаманы жетілдіру				
1.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген өрт қауіпсіздігі саласындағы бұзушылықтар үшін айыппұлдар мөлшерін арттыру	Заң жобасы	2023 жыл	Т Ж М , Әділетмині
2.	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне : 1) белгіленген нормалар мен қағидалары жоқ объектілердің өртке қарсы қорғау ерекшелігін көрсететін арнайы техникалық шарттарды қарау; 2) сәйкестік, оның ішінде өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестік туралы декларацияға қол қою сатысында пайдалануға берілетін адамдар жаппай жиналатын объектілердің, тұрғын және биік ғимараттарға қорытындылар беру жөніндегі өкілеттіктер беру	Тиісті түзетулері бар Заң жобасының тұжырымдамасын ВАК қарауына енгізу	2023 жылғы шілде	ТЖМ, ИИДМ, Әділетмині
3.	Баллондардағы сұйытылған мұнай газын, оның ішінде автогаз құю станцияларының баллондарды заңсыз толтыруын ескере отырып, өткізу кезіндегі талаптарды қатаңдату бөлігінде "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Тиісті түзетулері бар Заң жобасының тұжырымдамасын ВАК қарауына енгізу	2023 жылғы шілде	ТЖМ, ИИДМ, Әділетмині, ЭМ, ҰЭМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
4.	Өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қолданыстағы мемлекеттік нормативтердің талаптарын жетілдіру	ҚЖТКШІК бұйрықтары	ж ы л сайын	ИИДМ, ТЖМ
2. Мемлекеттік емес (ведомстводан тыс) және объектілік өртке қарсы қауіпсіздік және қорғау жүйесін қалыптастыру және дамыту				
5.	Ерікті өрт сөндірушілерге берілетін преференциялар тізбесін және оларды іске асыру тетігін	ВАМК шешімі		Т Ж М , Қаржымині, Ұ Э М ,

	тұжырымдау және ВАМК қарауына енгізу		2022 жылғы желтоқсан	облыстардың әкімдіктері
6.	Мемлекеттік өртке қарсы қызметпен қорғалмаған елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерінің, ерікті өртке қарсы құралымдардың санын арттыру және оларды өрт-техникалық жарақтармен жарақтау арқылы елді мекендерді қорғау жөніндегі шаралар қабылдау	қажеттілікке талдау жүргізу	2022 жылғы сәуір	Т Ж М , облыстардың әкімдіктері
		мәслихаттардың тиісті шешімдері	2022 жылғы маусым, бұдан әрі - жыл сайын	облыстардың әкімдіктері
		ТЖМ-ге ақпарат	2022 жылғы қыркүйек, бұдан әрі - жыл сайын	облыстардың әкімдіктері
7.	Тұрғын үй-коммуналдық дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы –жер мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тозған (авариялық) жағдайдағы тұрғын үйлерде қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдау	ТЖМ-ге ақпарат	ж ы л сайын	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
8.	Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ ауылдық жерде ерікті өртке қарсы құрылымдардың өрттердің профилактикасы бойынша жұмысты ұйымдастыруы	ТЖМ-ге ақпарат	ж ы л сайын	облыстардың әкімдіктері
3. Өртке қарсы құрылымдардың тиісті өрт сөндіру құралдарымен және өзге де тиісті техникамен жарақталуын нығайту, өртке қарсы инфрақұрылымды қаржыландыру				
9.	Қолданыстағы бағдарламалық құжаттар шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттерден азаматтық қорғау бөлімшелерін материалдық-техникалық жарақтау	Тиісті техникамен және жабдықпен жарақтау	ж ы л сайын	Т Ж М , Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
10.	Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бастапқан/аяқталған өрт сөндіру деполарын салуды қаржыландыру	РБК қарауына енгізу және мәслихаттардың тиісті шешімдері	2022 жылғы маусым	Т Ж М , Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері

11.	Бюджет заңнамасына өрт сендіру бекеттерін құруға және күтіп-ұстауға арналған қаражатты жоспарлау мүмкіндігі үшін жергілікті бюджеттер шығыстарының жіктеуішіне енгізу қажеттілігі тұрғысынан талдау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісілген ұсыныстар	2022 жылғы шілде	Т Ж М , Қаржымині, Ұ Э М , облыстардың әкімдіктері
12.	Табиғат қорғау және орман мекемелерін өрт-техникалық жарактармен жарактау, орман өрт сөндіру станциялары мен бақылау мұнараларын салу жөніндегі үш жылдық кезеңге арналған жоспарды әзірлеу	Жоспарды бекіту	2022 жылғы наурыз	ЭГТРМ, Қаржымині, облыстардың әкімдіктері
4. Елдің орталық және солтүстік өңірлерін газдандырудың ауқымды жобасына байланысты өңірлерде газ-техникалық қызметтерін дамыту				
13.	Газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін, тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі тұрғын үй инспекцияларының жұмысын ұйымдастыру	ТЖМ-ге ақпарат	ж ы л сайын	ИИДМ, ҰЭМ, Қаржымині, Э М , облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
14.	Жергілікті атқарушы органдардың көп пәтерлі үйлердегі үйшілік газ жабдығын, желдеткіш каналдар мен түтіндіктерді ұстау жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуына тексерулер жүргізуі	ТЖМ-ге ақпарат	ж ы л сайын	ИИДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
	Мыналарды: 1) тұрмыстық баллондардың ауа тарсылдарын, жарылыстарын, тұтанулар санын және адамдар өлімін азайту мақсатында нормативтік қызмет ету мерзімі өткен тұрмыстық баллондарды, сондай-ақ техникалық куәландыру нәтижелері бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз деп танылған тұрмыстық баллондарды алып қою және кәдеге жарату тетігін әзірлеу	ВАМК шешімі	2022 жылы маусым	ИИДМ, ТЖМ, ЭМ, СИМ, Қаржымині. облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
				ТЖМ, ЭМ, ИИДМ, СИМ,

15.	2) баллондарды есепке алу және бақылау мәселелерін, сондай-ақ баллондардағы сұйытылған мұнай газын жеке тұлғаларға сату кезіндегі талаптарды қоса алғанда, тұрмыстық баллондар айналымының тәртібін			Ұ Э М , Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
	3) босатылатын клапанмен жабдықталған газ баллондарын өткізу және жану тоқтаған кезде газ беруді автоматты түрде тоқтатуды көздемейтін тұрмыстық газ жабдығының айналымына тыйым салуды енгізу мәселелерін тұжырымдау және ВАРМ қарауына енгізу			СИМ, ИИДМ, Э М , Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
5. Ақпараттық-түсіндіру және профилактикалық жұмысты жетілдіру, өңірлерде тиісті рейтингтерді қалыптастыруға бағдарланушылық				
16.	Мектепке дейінгі ұйымдардан бастап жалпы білім беретін оқу ұйымдарына дейінгі оқытудың барлық кезеңдерінде балалар мен жасөспірімдерді төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға даярлау мәселелері бойынша оқыту материалдарының жиынтығын қалыптастыру	брошюралар, әдістемелік ұсынымдар	ж ы л сайын	ТЖМ, БҒМ
17.	Жазғы демалыс орындарында балалар мен жасөспірімдердің демалысын ұйымдастыру шеңберінде өрттер мен басқа да төтенше жағдайлардан қорғау дағдыларын әзірлеудің практикалық курстарын жасау мәселесін пысықтау және ВАРМ қарауына енгізу	ВАМҚ шешімі	2022 жылғы маусым	БҒМ, ТЖМ
18.	Жұртшылық арасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және басқа да төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелері бойынша кейіннен республикалық арналарда прайм-таймда, сондай-ақ балалар бағдарламаларын трансляциялау кезінде ротациялай отырып, оқытушы және түсіндіруші бейнероликтер, анимациялық фильмдер әзірлеу	БАҚ-та және кинотеатрларда бейнероликтер, анимациялық фильмдер көрсету	ж ы л сайын	ТЖМ, АҚДМ, Б Ғ М , облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
	Өрт кезіндегі қауіпсіздік шарапарын насихаттау және	атаулы үгіт-профилактикалық жұмыс жүргізу,		ТЖМ, АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан,

19.	ілгерілету жөніндегі кең ауқымды жұмысты ұйымдастыру	акциялар мен секциялар ұйымдастыру, БАҚ-та сөз сөйлеу	ж ы л сайын	Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
20.	Өрт қауіпсіздігі желісі бойынша "Үлгілі үй" көтермелеу жүйесін енгізу және тиісті ақпараттық науқан өткізу	ТЖМ-ге ақпарат	ж ы л сайын	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
6. Өрттердің алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмысқа заманауи цифрлық және өзге де технологияларды енгізу				
21.	Азаматтық қорғау органдарының аумақтық бөлімшелері кезекшілік-диспетчерлік қызметтерінің жұмыс орындарын автоматтандыру үшін АЖО-диспетчерді енгізу	ж ү й е н і пайдалануға беру	2023 жылғы маусым	Т Ж М , Қаржымині
22.	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік функцияларды автоматтандырудың қажетті деңгейі мен форматын айқындайтын архитектурасын қалыптастыру	Т Ж М архитектурасы	2023 жыл	Т Ж М , ЦДИАӨМ
23.	Азаматтық қорғау органдарының қызметіне ұшқышсыз ұшу аппараттарын енгізу	РБК қарауына енгізу және мәслихаттардың тиісті шешімдері	ж ы л сайын	Т Ж М , Қаржымині, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
24.	Орталық өрт байланысы пункттерінен өрттік ахуалды мониторингтеу үшін биік ғимараттарда бейнебақылау камераларын монтаждау және қосу мәселесін пысықтау және ВАМК қарауына енгізу	ВАМК шешімі	2022 жылғы желтоқсан	Т Ж М , облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- АҚДМ - Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
- АЖО-диспетчер - кезекші диспетчерлік қызметтің автоматтандырылған жұмыс орны
- Әділетмині - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
- БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
- БҚА - бұқаралық ақпарат құралдары
- ВАК - Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия

ВАМК	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиясы
ИИДМ	- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
Қаржымині	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚжТҚШК	- Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
РБК	- Қазақстан Республикасының Республикалық бюджет комиссиясы
СИМ	- Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі
ТЖМ	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
ЦДИАӨМ	- Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ҰЭМ	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ЭГТРМ	- Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі
ЭМ	- Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК